

АМӨЗ жұмысшылары 700-ден астам ағаш отырғызды



На АНПЗ прошла
викторина по ТБ



Нефтепереработчики -
за чистый Атырау

БЕЗОПАСНЫЙ ТРУД

На АНПЗ прошла викторина по ТБ



На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе прошла интеллектуальная викторина, приуроченная к Всемирному дню охраны труда. Знания заводчан оценивала специальная комиссия, состоящая из инженеров отдела БиОТ.

В первый день сотрудники БиОТ отправились в цеха и на производства – для желающих испытать себя провели мини-тестирование. Все участвующие в тестировании получили поощрительные призы.

На следующий день состоялись командная и индивидуальная викторины – именно так, посредством игры, на предприятии в последние годы проводят проверку знаний в этот день. Чем больше ярких эмоций вызовет игра, тем лучше сотрудники запомнят правила и принципы, которые в ней были заложены, и тем эффектив-

нее можно донести до сотрудников основы культуры безопасности, считают сотрудники службы безопасности и охраны труда ТОО «АНПЗ».

Участие в викторинах приняли все цеха и производственные подразделения АНПЗ, в общей сложности в играх участвовали 39 человек. Объединенные в команды производственники решали кроссворды по охране труда и определяли количество нарушений техники безопасности на ситуационных картинках. Затем участники самостоятельно доказывали знания золотых правил Казмунайгаза, демонстрировали алгоритм использования средства индивидуальной защиты органов дыхания.

– Основная цель интеллектуальных викторин – повысить уровень знаний заводчан в области охраны труда. Наши сотрудники в игровом формате усваивают базовые правила соблюдения мер безопасности, они учатся работать

в команде и полагаться на коллег, выстраивать доверительные и поддерживающие взаимоотношения. Такие игровые практики помогают лучше воспринимать информацию, к тому же во время викторины работники могут проявить свои творческие и лидерские качества, – говорит ведущий инженер службы БиОТ Ирина УЛЬЧЕНКОВА.

Награждение победителей состоялось в большом конференц-зале. Главный инженер АНПЗ Адилет ШОШАНБАСОВ поприветствовал присутствовавших на мероприятии участников викторины, вручил заслуженные дипломы, а денежными призами от имени профсоюзной организации завода победителей наградила заместитель председателя профкома Бахыт ОТЕБАЛЫ.

В командном зачете места распределились следующим образом: первое место завоевали девушки ИЦ «ЦЗЛ», второе место – за ПКИС, третье досталось ПГП. По-

ощрительного четвертого места удостоилась команда ОБ.

Победителями в индивидуальной игре стали: первое место – Бексултан ДУЙСЕНГУЛ (ПГП); второе место – Валерий БОЧКОВ (ПКИС); третье место – Ардак САБЫРОВ (ПГПН); четвертое место – Аягоз ЖАДИТОВА (ЦЗЛ).

Кроме того, поощрительные призы за участие в викторине были вручены 12 работникам завода.

В заключение мероприятия начальник службы БиОТ Арман ДИМУКАШЕВ обратился к присутствующим:

– Поздравляю заводчан с Всемирным днем охраны труда и хочу сказать всем присутствующим, что этот праздник призван напомнить о предотвращении несчастных случаев и заболеваний на рабочих местах. Мы, все, кто работает на производстве, обязаны беречь себя ежедневно, соблюдая требования безопасного труда.



ЖОБА



Өндірістік сөздік жасақталу жоспарлануда

4 мамыр күні «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай өңдеу және мұнай химиясы департаментінің техникалық даму басқармасының бас маманы Ержан ЖАМПЕИСОВ, Сәтбаев университетінің профессоры, фил.ғ.к. Алмас УДЕРБАЕВ және Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры, фил.ғ.к. Бауыржан ЖОНКЕШОВ Атырау мұнай өңдеу зауытына іссапармен келді.

Іссапардың басты мақсаты – мұнай өңдеуші компанияларға арналған мұнай өңдеу және мұнай-химия салалары терминологияларының орысша және қазақша сөздік жобасын талқылау.

Мамандардың мәліметіне сүйенсек, бұл мақсатты жоба «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсынысымен, KAZENERGY қауымдастығы және Қазақстан бойынша ірі Атырау мұнай өңдеу, Павлодар мұнай-химия, ПетроҚазақстан Ойл Продактс зауыттарының арасында жасалған шарт шеңберінде іске асады. Яғни бұл жоба аталған 3 компанияның қаражаты есебінен жүзеге аспақ.

Жоба жөнінде кеңінен талқылау үшін АМӨЗ-дің бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары – бас инженер Әділет ШОШАНБАСОВ жиын өткізді. Жиында зауыттың департамент басшысы, техникалық және

құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшылары, қызметкерлері және арнайы келген мамандар бас қосты. Әділет Шошанбасов алғы сөзінде өнеркәсіптегі құжаттамалардағы техникалық сөздердің дұрыс аударылуы үшін әзірленетін сөздіктің қызметкерлер үшін тиімді екенін атап өтті. Филология ғылымының кандидаттары зауыттың құжаттамалық қамтасыз ету бөлімінің мамандарымен пікір алмасып, мұнай өңдеуші компания аудармашыларына арналған ортақ терминологиялық база сипатындағы сайт қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ олар сапалы сөздік әзірлеу үшін зауыттың технологиялық қондырғыларымен танысқан болатын.

Аталмыш сөздіктің қағаз түріндегі және электронды нұсқаулығы жыл соңында жарық көреді.

МЕДИКЕР

День здоровья на заводе

В рамках Всемирного дня здоровья и в целях продвижения здорового образа жизни среди работников АНПЗ в медпункте на территории завода прошел День открытых дверей.

– На таких мероприятиях мы просвещаем работников нашего предприятия о необходимости снижения факторов риска развития заболеваний, таких как болезни системы кровообращения, сахарный диабет и прочие, – говорит специалист по гигиене и санитарии службы БиОТ – организатора мероприятия Гульрайуз КОНЫРОВА.

В этот день более 50 сотрудников предприятия посетили здравпункт, чтобы узнать показатели своего здоровья: артериальное давление и пульс, уровень сахара в крови, индекс массы тела. По результатам врачи «Медикера» провели профилактическое консультирование.

Затем сотрудники завода прослушали лекцию медиков о профилактике заболеваний и здоровом обра-

зе жизни, о правильном питании и своевременности прохождения скринингов.

– Необходимо своевременно обращать внимание на профилактику серьезных заболеваний, которые могут привести к инвалидности, и непременно следить за основными показателями своего здоровья, – отметила заведующая здравпунктом «Медикер» Галина АУБЕКЕРОВА.

Акция «День открытых дверей» направлена на повышение информированности сотрудников АНПЗ о факторах риска развития хронических заболеваний, а также на профилактику таких болезней, как сахарный диабет, сердечно-сосудистые, онкологические и другие заболевания.



ВНИМАНИЕ!

Уважаемые коллеги, информируем вас, что с 20 мая по 20 июня служба БиОТ АНПЗ проведет месячник по транспортной безопасности. Цель мероприятия – повышение эффективности системы обеспечения транспортной безопасности, предупреждение дорожно-транспортных происшествий и выявление существующих проблем в области транспортной безопасности.

Особое внимание будет уделяться следующим аспектам транспортной безопасности:

1. Соблюдение скоростного режима, как на территории завода, так и за ее пределами;
2. Использование ремней безопасности всеми пассажирами;
3. Безопасная перевозка грузов и оборудования, включая грузоподъемные операции;
4. Техническое состояние, чистота, укомплектованность транспортных средств обязательными средствами (аптечка, огнетушитель, искрогаситель и т.д.);
5. Проверка на актуальность документации по транспортной безопасности;
6. Соблюдение требований правил дорожного движения РК и регламента безопасной эксплуатации транспортных средств на объектах ТОО «АНПЗ»;
7. Соблюдение правил дорожного движения пешеходами.

Также в рамках мероприятия служба БиОТ обучит водителей автобусного парка ТОО Gold Sunray навыкам оказания первой доврачебной помощи и проведет проверку знаний водителями подрядных организаций правил дорожного движения.

Уважаемые работники завода и подрядных организаций, просим вас принять активное участие в мероприятии: если вы стали свидетелем нарушения транспортной безопасности или у вас есть предложения по улучшению работы транспорта, просим сообщить в службу БиОТ: +7 778 640 77 00 (только whatsapp).

АКЦИЯ

АМӨЗ жұмысшылары 700-ден астам ағаш отырғызды

Республикалық «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні» экологиялық акциясы аясында АМӨЗ-дің санитарлы-қорғау аумағында жасыл желек егуге бағытталған шара өтті. Акцияға 100-ге тарта жұмысшы қатысты.



Науқанға зауыттың бас директоры, өндірістік және құрылымдық бөлімшелердің басшылары қосылды. Акция барысында 0,7 га алқапқа аймақтың сортаң топырағына төзімді қарағаш пен сұр теректің 450-ден астам көшеті отырғызылды. Жасыл желектерді күтіп-баптаумен зауыттықтардың өздері айналысады.

Зауыттың санитарлы-қорғау аумағының жалпы көлемі 805 га құрайды. Қазіргі кезде аумақтың 28%-ы, яғни 225 га көгалдандырылып, абаттандырылған. Ағаштарды күту жұмыстарымен «Сәулет-Құрылыс» ЖШС айналысады. Санитарлық талаптарды орындау аясында биыл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 65 га аумақты көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына қажетті қаражат бөледі.

Жыл соңына дейін тағы 32,9 га аумаққа 15 700 көшет отырғызу жоспарланған. Белгіленген көлемдегі аумақты көгалдандыру үшін «АМӨЗ» ЖШС Атырау қаласының әкімдігіне қосымша жер телімдерін беру туралы хат жолдады.

АМӨЗ жұмысшыларының бастамасымен жасыл акция зауыт аумағында да жүргізілуде. Ағымдағы жылдың сәуір айында қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында 300 ден астам ағаш пен бұта отырғызылды.

Атырау мұнай өңдеу зауытының бас директоры Мұрат ДОСМҰРАТОВ:

– Акция арқылы зауыт ұжымының өндірісті ғана емес, сондай-ақ

қаламыздың экологиясын ойлайтынын жеткізгім келеді. Қала тұрғындарының арасында тал егу және оны баптауды білмейтіндер бар. Көпшілік қаланың таза әрі көрнекті болғанын қалайды. Сол үшін де барлығымыз басқаларға үлгі боп, аталмыш шараға белсенді атсалысып, қаламыздың болашақта көгалдандырылған ошаққа айналуы үшін тырысуымыз керек. Тұрағын, жеке үйде тұратындардың барлығы өзінің ауласында тал егу қажет. Сонымен қатар оны баптауды да міндетім деп санауға тиіс.

– Көгалдандырылып жатқан дәл осы аймақта жер асты суы 1 метрге дейін көтеріліп тұр. Сол үшін ағаштар жайқалып өсуі үшін әр талдың түбіне тыңайтқыш салдық. Топырақ тұзды болғандықтан ағаштар көп күтімді қажет етеді, – деді «АМӨЗ» ЖШС еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғаныс жөніндегі басқарушы директордың м.а. Арман ДИМУКАШЕВ.

– Біздің лабораториядан 6 қызметкер шараға атсалысты. Біздер 3 қатарға 6 тал ектік. Қаламыздың экологиялық ахуалын жақсарту үшін үлесімді қосқаныма қуаныштымын. Біздің ұжымда барлығы өз учаскесіне де бей-жай қарамай гүлденуі үшін жұмыстанады. Шағарымыздың жасыл әлемге айналуы әрбіріміздің сана-сезімімізден басталады. Барлығыңызды осындай науқанға белсенді атсалысуға шақырамын, – дейді «ОЗЗ» сынақ орталығының басшысы Гюльнара САРСЕНҒАЛИЕВА.

АМӨЗ аумағын көгалдандыру (ағаш отырғызу) жұмыстары маусым айының соңына дейін жалғасады.

ЭКСКУРСИЯ

Оқушылар өндіріске экскурсия жасады

Атырау облыстық ұлттық гимназия оқушылары, мұғалімі өндіріске қызығушылықтарын танытып Атырау мұнай өңдеу зауытына келді.

Бастапқыда «АМӨЗ» ЖШС қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысының орынбасары Айбек СӘЛІМҒЕРЕЕВ апаттық жағдайдың алдын алуға арналған қауіпсіздік ережелерімен таныстырды. Содан соң АМӨЗ-дің техникалық бөлімінің жетекші инженері Ерсултан САНАЙ зауыт аумағына шолу жүргізіп, оларға өндірістегі қондырғылар жөнінде баяндады.

Бақыт ТӘЖІҒАЛИЕВА Атырау облыстық ұлттық гимназияның химия пәні мұғалімі:

– Біздің гимназияның 10 сынып оқушыларына сабақтан тыс «мұнай-химия» арнайы курсы өткізіледі. Осы курстың бағдарламасы аясында АМӨЗ-де экскурсия жасау жоспарда болды. Сол үшін мектеп әкімшілігімен келісіп, зауыт жұмысымен танысуға келдік. Оқушылардың басым көпшілігі мұнай саласында жұмыс істеуді армандайды. Осыған дейін оқушылар өндіріс туралы жиі айтатын еді. Енді, міне, олар көздерімен көріп, сауаттарын арттырып, зауыт туралы өзіндік түсініктерін қалыптастыра алды.

Адина МҰРАТ Атырау облыстық ұлттық гимназияның 10 сынып оқушысы:

– Осындай өндірісте лаборант болуды мақсат етіп, гимназияға оқуға түскен едім. Кейін басқа салада өзімді сынағым деп болашағымды медицина саласынан көрдім. Бірақ, Атырау мұнай өңдеу зауытын көріп кері лаборант болуға ынтыландым. Зауыттың қызметкері Ерсултан Санай ескі және жаңа қондырғылармен таныстырды. Ол тіпті өзінің тәжірибесімен бөлісіп,

Сафа Ахметовтың «мұнай-газ өңдеу технологиясы» атты кітабы көп жерде оған көмектескенін жеткізді. Зауытта 1945 жылдан бері алғаш ЭЛТҚ-АҚ-2 қондырғысы салынғанын білдім. Қондырғылардың барлығы бір-бірімен байланысты болғандықтан, олар бір-біріне жақын салынған екен. Шикізаттың резервуардан, ЭЛТҚ-АҚ-2 қондырғысына келетінін білдім. Бұл қондырғының

мақсаты да мұнайды фракцияларға яғни газ, бензин, дизельге бөліп беру екен. Мен үшін экскурсия қызықты болды.

Ерхат ДҮЙСЕНБАЕВ Атырау облыстық ұлттық гимназияның 10 сынып оқушысы:

– Экскурсияда зауыт тарихы жайында білдім. Өнеркәсіптің алғаш фундаменті 1943 жылы қаланған екен. Аралау кезінде зауыт қызметкері бізге қызықты сауалдар қойып, білімімізді сынады. Ең қуантарлығы, зауытта Жайықтан алынған суды тазартатын қондырғы жұмыс істейді. Сондай-ақ Қазақстан бойынша Рағатах қондырғысы осы зауыт-

та ғана барын білдім. Бұл қондырғыдан мұнай-химия өндірісіндегі негізгі және өте қажетті параксилол алынады. Шынымен бұл қондырғы өте ірі және шамамен мұнда 400° температура болады. Сондықтан да бұл зауыт қауіпсіздікке ерекше көңіл бөледі. Мұнай өнімдерін жөнелту учаскесімен танысу мүмкін болды. Келешекте осындай тәжірибесі мол өнеркәсіпте қызмет еткім келеді.

Экскурсия соңында оқушылар өндірістік процеспен танысып, өздеріне қажетті мағлұмат алуға мүмкіндік сыйлаған АМӨЗ ұжымына алғыс білдірді.



АКЦИИ


В санитарно-экологическом двухмесячнике участвовали 1 100 сотрудников ТОО «АНПЗ».

Основной целью санитарного двухмесячника является привлечение внимания общественности к проблеме сохранения чистоты в городе и формирование экологической культуры у населения.

Работники всех производств, структурных подразделений АНПЗ, подрядных и аутсорсинговых компаний несколько выходных убирали территории города Атырау.

– Практически еженедельно, если позволяли погодные условия, на очистку города выходило 20-25 человек с каждого производства нашего предприятия, включая подрядные компании, а это в общей сложности 200 – 350 человек. С 15 марта по 15 мая заводчане работали на закрепленных за нашим предприятием территориях, это ул. Ауэзова, Муканова, Шамина, Шарипова, Песчаная; по обе стороны проспекта Азаттык – от домов №№122/130 и до мкр. Балыкши, включая жилые дворы; по проспекту Кабдолова – от Перетаски до поворота на улицу Атамбаева, по обе стороны дороги. Также мы убирали территорию вокруг и внутри поселка Мирный, между санитарной защитной зоной завода и поселком, обе стороны дороги от Мирного до КПП №19. Хочу поблагодарить каждого заводчанина, кто не остался в стороне и осознанно принял участие в мероприятии, – говорит руководитель административного отдела ТОО «АНПЗ» Галима ГИЗАТУЛЛИНА.

Нефтепереработчики – за чистый Атырау



Каждую субботу сотрудники завода, вооружившись лопатами, граблями метлами, мусорными мешками и кистями, белили деревья, чистили территории от опавшей листвы, камыша, убирали остатки бетонных плит, камни, древесные, металлические и другие отходы.

Для заводчан участие в городских санитарно-экологических акциях является не только доброй традицией, но и важной составляющей социальной ответственности.

– Мы, сотрудники завода, как и все другие жители города, ответственны за чистоту в нашем любимом Атырау, и обязаны поддерживать городские власти в таких мероприятиях. Субботник – это тот же тимбилдинг, но с еще большей пользой: мы поработали на свежем воздухе, пообщались с коллегами с производств, которых давно не видели, а главное – принесли пользу экологии региона. Хочу призвать всех атырауцев, не сорить на улицах и всегда проявлять инициативу участия в таких мероприятиях, – говорит специалист отдела управления активами Амангуль НУРСУЛТАНОВА.

За период двухмесячника работниками АНПЗ было собрано порядка 100 м³ кубометров мусора.

Организатором экологической акции выступил городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог.

ТУРНИР

Жеңіс күніне арналған турнир

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні қарсаңында «Ардагерлерлер волейбол федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен және «АМӨЗ» ЖШС кәсіподақ ұйымының қолдауымен Атырау» шипажайының спорт алаңында әйелдер арасындағы саябақ волейболдан турнир өтті.

Турнирде 7 команда, атап өткенде: «АМӨЗ», КРІ, NSOC, «Доссормұнайгаз» МГӨБ, «Қожан», «Атырау энергетика және құрылыс колледжі», «Атырау» шипажай командалары бақ сынасты.

Командалар екі топқа бөліну арқылы

сайысып, топтардың үздіктері финалда «Атырау» шипажай АҚ бас директорының кубогына таласты. Алайда бас жүлде ақтық сайыста жеңіске жеткен КРІ командасына бұйырды. II орынды NSOC, III орынды «АМӨЗ» және «Атырау энергетика және

құрылыс колледжі» командалары қанағат тұтты. АМӨЗ-дің волейбол командасының төрайымы Айнұр Берқалиева үздік ойыншы аталымына ие болды.

Ардагерлерлер волейбол федерациясы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау қаласындағы филиалының басшысы Болат ҚАБДРАХИЕВ:

– Ең біріншіден, бұл турнир ала допты алақанында ойнататын ойыншылардың шеберліктерін одан әрі нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау

мақсатында өтті. Турнирден кейін бас жүлдеге ие болған, ие болмаған командалар спорттық деңгейлерін арттыру мақсатында жұмыстанатын болады. Бір жағынан бұл – іріктеу турнирі саналады. Себебі үздік командалар «ҚазМұнайГаз» АҚ ұйымдастыруымен маусым айында өтетін ауқымды спартакиадаға қатысады.

АМӨЗ-дің жылу және электр энергия өндірісінің химиялық талдау лаборанты Айнұр БЕРҚАЛИЕВА:

– Ойын өте тартымды өтті. Біздің «АМӨЗ» командасы алғашында «Атырау» шипажай командасын 2:0 есебімен, содан соң кезекті «Қожан» командасын 2:0 есебімен жеңе білді. Соңғы ойында КРІ командасын жеңуге сәл күшіміз жетпеді. Бұл сайыс біздің команда ойыншыларын одан әрі жігерлендірді. Команда ойыншылары қазірден бастап «ҚазМұнайГаз» АҚ спартакиасына қызу дайындық жүргізуде. Алдағы уақытта тек алдыңғы қатардан көрінетінімізге үмітім мол.

Турнир соңында «Атырау» шипажай бас директоры Венера ӨТЕҒАЛИЕВА командаларды марапаттады. Ал АМӨЗ-дің қоғаммен байланыс, мемлекеттік органдармен, мердігерлік ұйымдармен жұмыс және әкімшілік мәселелер департаментінің директоры Серік АРЫСТАН қатысушы командаларға қолдау білдіріп, сәттілік тіледі.

Бұған дейін зауыт командасының түрлі жарыстарда сан мәрте топ жарып бағындырған белесі баршылық. Осы тұрғыда команданың талай байрақты бәсекелерде жеңіске жететініне сенім арттамыз.



«НОВАТОР» басылымы №10.
19 мамыр 2023 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 8 (7122) 25-95-84

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстова қ-сі, 27/6
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс №10

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ш.Какимжанова.
MEDYAGROUP ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
Редакторлар – И.Козонова,
А.Қанатаева.
Суретке түсіруші - Б. Амантаев.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық ақпарат
министрлігінде 1992 жылғы
27 мамырда тіркеліп,
тіркеу туралы
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР